

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығының күші жойылды деп тану және Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 1572 Жарлығы  
**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығының күші жойылды деп танылсын.

2. "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 55-56, 542-құжат) мынадан өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлем туралы" 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығына сәйкес біржолғы төлемді алуға арналған құжаттарды уақытында ресімдей алмаған" деген сөздер алып тасталсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*